

Пайдалану бойынша нұсқаулық

MPW-60/3, MPW-
80/5

пластик құбырларға
арналған дәнекерлеу
аппараты

FinePower

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	3
Сақтық шаралары	3
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	6
Техникалық сипаттамалары	7
Жинақталым	7
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	8
Қосымша ақпарат	8

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау жөніндегі ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Пластик құбырларға арналған дәнекерлеу аппараты жанаспалы-түйіспелік дәнекерлеуді орындауға арналған.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны жақсы жарықтандырылуы және таза ұсталуы тиіс. Жұмыс орнының шашылуы немесе жарықтандырылмаған учаскелері жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Жанғыш сұйықтықтар, тұтанатын газдар немесе шаң бар үй-жайда осы электр сайманымен жұмыс істемеңіз. Пайдалану кезінде, сондай-ақ қосылған немесе сөндірілген кезде сайман ұшқындайды, бұл шаңның немесе булардың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр сайманымен жұмыс істегенде, жұмыс орныңызға балалар мен бөтен адамдарды жақындатпаңыз. Сіз электр сайманын бақылаудан шығарып алуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр тоғы соғуынан қажетті сақтық шараларын қолданыңыз. Сайман корпусының құбырлар, жылыту жүйесі, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен түйісуіне жол бермеңіз.
- Электр сайманды ылғал, жаңбыр және дымқылдық әсерінен сақтаңыз. Электр сайманына судың тиіп кетуі электр тоғынан зақымдану қаупін арттырады.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, өзіңіздің не істеп тұрғаныңызды қадағалаңыз, электр сайманымен жұмысты алдын-ала ойластырып бастаңыз. Электр сайманын шаршаған күйіңізде немесе дәрілік препараттардың әсерінде болғанда, алкогольдік немесе есірткілік масайған жағдайда пайдаланбаңыз. Электр сайманымен жұмыс істеген кезде мүлт кеткен бір ғана сәт ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын (қорғану бетпердесін, табаны таймайтын аяқ киімді, қорғаныс дұлығаны немесе есту мүшелерін қорғау құралдарын) қолдану электр сайманы жұмысының түріне қарай жарақаттар алу қаупін азайтады.
- Қолайлы жұмыс киімін киіп жүріңіз. Кең киім кимеңіз және әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғабыңызды қозғалмалы бөлшектерден алыс ұстаңыз.
- Электр сайманның абайсыз қосылып кетуін болдырмаңыз. Электр сайманын электр қуат желісіне және/немесе аккумуляторға қосар алдында құрылғының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Қосылатын сайманды ауыстырып-қосқыштан ұстамаңыз.
- Орнату құралдарын немесе сомын кілттерін электр сайманын қосардан бұрын алып тастаңыз. Электр сайманының айналатын бөлігінде болатын құрал немесе кілт жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Сайманмен жұмыс істеген кезде ыңғайсыз дене қалпында болмауға тырысыңыз. Әрдайым нық қалыпта болып, тепе-теңдік сақтаңыз. Осының арқасында Сіз электр сайманын күтпеген жағдайларда жақсы бақылай аласыз.
- Электр қуаты жоғалған кезде немесе электр сайманы басқа өздігінен өшіп қалған кезде құрылғыны дереу сөндіріңіз. Егер кернеу жоғалған кезде машина қосылу күйде қалып қойса, қуат беру жаңартылған кезде машина өздігінен іске қосылады, бұл пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруі мүмкін және/немесе материалдық залалға әкелуі мүмкін.
- Пайдалану қағидаларын, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтамау электр тоғынан зақымдануға, тұтануға және/немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін. Өндіруші және оның уәкілетті өкілдері осы нұсқаулықтың талаптарын сақтамай, сайманды пайдаланудан туындаған зақымданулар үшін жауапкершілік көтермейді.

Құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары

- Сайман жұмыс істеп тұрған кезде қолыңызды және жанғыш заттарды дайындаманың балқып тұрған бөлігінен алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны ашпаңыз және өзіңіз жөндеу жүргізбеңіз. Қызмет көрсетуді және жөндеуді тек уәкілетті сервистік орталықтың білікті мамандары ғана жүзеге асыруы тиіс.
- Егер құрылғы қыздырылған кезде жасыл жарық индикаторы сөнбесе және қызыл жарық индикаторы қыздырудың аяқталуы туралы сигнал беріп жанбаса, бұл сайманның жұмысында іркіліс болғанын білдіреді. Жұмысты дереу тоқтатыңыз және сайманды қуат желісінен ажыратыңыз.

- Құрылғы балалардың және денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

Бұйымның қызмет мерзімі

Бұйымның қызмет мерзімі 2 жылды құрайды.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды.

Сыни істен шығулар тізбесі

- Қатты ұшқындаған кезде пайдаланбаңыз.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Электр кәбілі ұрылған немесе жалаңаш сайманды пайдаланбаңыз.
- Тікелей бұйымның корпусынан түтін пайда болған кезде пайдаланбаңыз.

Персоналдың ықтимал қате әрекеттері

- Тұтқасы бүлінген немесе қорғаушы қаптамасы бүлінген сайманды пайдаланбаңыз.
- Жаңбыр жауған кезде ашық кеңістікте пайдаланбаңыз.
- Корпусқа су түскен кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемшарттары

- Электр кәбілі қажалған немесе бүлінген.
- Бұйымның корпусы бүлінген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- Жұмысқа қолайлы саптаманы таңдаңыз. Дәнекерлеуге арналған саптаманы дәнекерлеу аппаратының қыздыру элементіне бекітіңіз, содан кейін дәнекерлеу аппаратын тірекке орнатыңыз. Саптамаларды қоса берілетін алты қырлы кілттің көмегімен қатайтып тартыңыз.
- Қалаған температураны орнату үшін температураны реттеу тұтқасын бұраңыз және сайманды қосыңыз. Жасыл жарық индикаторы жанады, бұл дәнекерлеу аппаратының қыза бастағанын білдіреді. Сайман белгіленген температураға дейін қызғаннан кейін қызыл жарық индикаторы жанады, бұл дәнекерлеу аппаратының пайдалануға дайын екенін білдіреді.
- Құбырды тік бұрышпен кесіңіз, бір мезгілде құбыр мен фитингті дәнекерлеу аппаратындағы саптамаларға салыңыз, бірнеше секунд бойы қыздырыңыз (төмендегі кестені қараңыз) және содан кейін оларды саптамадан жылдам шығарып алыңыз.
- Екі дайындаманы қажетті тереңдікке дейін қосыңыз және дәнекерлеуді аяқтау үшін бірнеше секундқа бекітіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: бекіту кезінде бөлшектердің бір-біріне қатысты айналуын орындауға тыйым салынады.

Құбырдың диаметрі, мм	Қыздырылу уақыты, с	Салқындау уақыты, с
20	5	3
25	7	3
32	8	4
40	12	4
50	18	5
63	24	6

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	MPW-60/3	MPW-80/5
Желінің параметрлері	220-240 В ~ 50 Гц	
Қуаттылығы	600 Вт	800 Вт
Температура диапазоны	50 °С - 300 °С	
Дәнекерлеудің минималды диаметрі	20 мм	
Дәнекерлеудің максималды диаметрі	32 мм	63 мм
Қорғаныс сыныбы	I	
Қорғау дәрежесі	IP20	
Салмағы	1,3 кг	2,15 кг

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Тұғырық.
- Тефлон жабындысы бар саптамалар 20/25/32 мм.
- Тефлон жабындысы бар саптамалар 40/50/63 мм (тек MPW-80/5 үлгісі үшін).
- Кілт.
- Металл кейс.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны лас, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұл бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына келетін әлеуетті зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЮНКАН СЯОХАНЬ ТУЛЗ КО., ЛТД.

№ 10 Ситаэр тас жолы, Батыс өнеркәсіптік аймағы, Юнкан қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жинақталымы пайдаланушыға алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: finerpower.ru

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжайда қолжетімді:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғаушы кәбілдер, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық қамсыздандыру (БҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, монтаждау керек-жарақтары, құрал-саймандар, өніммен бірге жеткізілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықтар, сызаттар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, мыжылған жерлер және бұйымды пайдалану барысында пайда болған т. б. зақымданулар.
- Сыртқы түрлендірудің, рұқсат етілмеген жөндеуді осындай жұмыстарды жүргізу уәкілетті емес тұлғалардың жүргізу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан) немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымның сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе оған сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамсыздандырудың әсерінен; БҚ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту / қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің жоқ болуына әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беру, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жады карталарын, SIM-карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қолданбалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алудан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.

www.finepower.ru